

Көпбосынов Бекжан Көмекбайұлының «Түркі тілдеріндегі сингармонизм заңдылығы» тақырыбындағы 6D020500 – Филология мамандығы бойынша PhD доктор дәрежесін алу үшін дайындаған докторлық диссертациясына отандық ғылыми кеңесшісінен

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі ортақ белгілердің табиғатын, оның өзгеру себептерін, айырым белгілерін түсіндіруде бірізділік болмағандықтан, бұл мәселе тіл білімі ғылымындағы ең өзекті тақырыптың бірі ретінде аталып жүр. Зерттеу жұмысында түркі тілдерінің даму үдерісіндегі олардың фонетикалық жүйесінің өзіндік ерекшеліктері, яғни әлем тілдерінен жүйелік айырмашылығы деп есептелетін сингармонизм құбылысы жан-жақты тілдік тұрғыда сипатталған. Оны теориялық тұрғыдан негіздеген ғылыми пікірлерді саралап, қазіргі түркологиядағы зерттелу бағыттарын айқындай білген.

Жалғамалы қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің негізгі қасиеті – сингармонизм теориясы көп жылдар бойы дауысты дыбыстар үндесімі деп айтылып келді және қазіргі таңда көптеген оқулықтар мен басылымдарда, сөздіктерде де осы пікір жиі кездеседі. Сонымен қатар сингармониялық тілдің дыбыс жүйесі акценттік тілдердің зерттелу заңдылықтарымен түсіндіріліп келді.

Бүгінде тілтанымның дыбыстық жүйе саласында соңғы жылдарда жаңа, сингармониялық, сингармофонологиялық теориялар қалыптасты. Үндестік теориялардың, акцентті-фонемалық теориялармен қатар фонология әлемінде қызмет атқаруы, тек қазақ тілтанымының емес, жалпы түркологияның, әлем тілтанымының жетістігі болып табылатынын нақты тұжырымдармен дәлелдеп берген.

Қазіргі акцентті-фонемалық теория және сингармонизм ұғымында қалыптасқан теориялардың шығу тегіне, негізгі түсініктеріне, терминдері мен зерттеу жүргізу ерекшеліктеріне талдау жасау мен сипаттама беру бүгінгі күн талабынан туындап отырған өзекті проблемалардың бірі болса, зерттеу жұмысында аталған мәселелер оң шешімін тауып отыр.

Осыған орай, Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасының «Дамыған тіл мәдениеті – зиялы ұлттың күш-қуаты» атты мақсаты ең алдымен, фонетика, фонология, сингармонизм саласындағы жұмысты жақсарту арқылы қазақ тілін одан әрі жетілдіру мен жүйеге келтіру, туыстас тілдерден ара жігін ашу жөніндегі шаралар жүйесін іске асыру арқылы жүзеге асатынын ескерсек, осы ғылыми еңбектің көтерген жүгінің қаншалықты маңызды екенін түсінуге болады.

Осыған орай, Көпбосынов Бекжан Көмекбайұлының «Түркі тілдеріндегі сингармонизм заңдылығы» атты тақырып негізінде орындалған

докторлық диссертациялық жұмысы фонетика және морфонология ілімдердің дамуына ықпал етіп, филологиялық және философиялық өзекті мәселелерді шешуге арналған ғылыми жұмыс болып табылады.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.

Бұл диссертациялық жұмыс философия докторы талаптарына сай орындалған.

Зерттеу жұмыстарының әрбір нәтижелері және диссертациялық жұмыс қорытындыларының ғылымға қосар өз үлесі бар екендігін мынадан байқауға болады: түркі тілдерінің дыбыстық жүйесінің материалдары тарихи және қазіргі әдеби тіл сөздіктерінен, дереккөздерден жиналған материалдар негізінде жүргізілген. Туыстас тілдерінің фонетикалық, фонологиялық ерекшеліктеріне сингармонизм тұрғысынан жүйелі түрде ғылыми түсініктеме берілген және лингвистикалық талдау жасалған. Соңғы жылдарда түркологияның дыбыстық жүйе саласында жаңа сингармониялық, сингармофонологиялық теориялар қалыптасып, қолданысқа енгіні дәлелденген. Түркі сөзінің негізі болып табылатын үндестік теориялар мен акцентті-фонемалық теориялардың проблемалық мәселелерін тереңірек ашып, жүйеге келтірген.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 3 тарау мен тараушалардан, қорытындылардан жасалған. Төмендегідей негізгі нәтижелерге қол жеткізілген:

1. Түркі тілдеріндегі дыбыстардың ортақ типтері өздеріне тән ерекшеліктері бар тілдік құбылыс екені талданған.
2. Түркі тілдеріндегі сингармонизм құбылысы жалпы жалғамалы тілдерге тән, оларды өзге тілдік топтардан ажыратын басты белгісі екені көрініс берген.
3. Түркі тілдеріндегі сингармонизм құбылысы ерекшеліктерінің негіздерін айқындау мен сипаттау түркі халықтарының этногенезі мен глоттогенезі бір екендігін көрсеткен.
4. Түркі тілдеріндегі сингармонизм құбылысының жасалу жолдары, қолданылу және мағыналық ерекшеліктері ортақ болып келетіні дәлелденген.

Бұл жұмыс шегінде тілдегі дыбыстардың айтылым, естілім сипаты толық айқындалып, олардың үндесімін жүйелендіру мен жасалу механизмдерін ашу мәселесі қарастырылған.

Сондықтан, орындалған жұмыстың ғылыми жаңалықтары 6D020500 – Филология мамандығында орындалған филология ғылымдарының PhD докторлық диссертациялық жұмыстарға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелерге сай келеді.

3. PhD докторанттың диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Орындалған жұмыстың ғылыми-практикалық тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі алынған мәліметтердің фонетика және фонология саласындағы әдебиеттер

түсіндірмелерінің нақтылығымен, тілдік зерттеудің сипаттамалы, тарихи-салыстырмалы, әдістері мен тәсілдерді пайдалануымен, типологиялық әдістемесін қолдануында зерттеу жұмыстың ортақ мәнінен ауытқымайтындығымен түсіндіріледі. Сондықтан, зерттеудің қағидалары мен қорытындылары логикалық реттілікпен беріліп, ғылыми-практикалық тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі республикалық, халықаралық ғылыми конференцияларда баяндама ретінде оқылып, беделді ғылыми журналдарда басылып, жарыққа шыққандығымен дәлелденеді.

4. Зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Көпбосынов Бекжан Көмекбайұлының диссертациялық зерттеулері филология ғылымдарының фонетика саласының сингармониялық теорияларының дамуына орасан зор ықпалын тигізіп, қазіргі заманғы өзекті мәселелерін шешуге бағытталған. Ізденушімен жүргізілген зерттеудің ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы жоғары деңгейде бағалануда. Зерттеу жұмысында бүгінгі күнге дейінгі осы салада жүргізілген отандық және шетелдік зерттеушілердің пікірлерін негізге ала отырып, түркі тілдеріндегі үндесім заңдылығының тілдік ерекшеліктері зерттелген. Бұл ізденушінің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері тиісті өзекті мәселені – туыстас тіл дыбыстарының айтылым, естілім арасындағы алшақтықтардың табиғатын ашу міндеттерін шешуге бағытталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Диссертацияның ғылыми қағидалары осы саладағы ғылыми зерттеу жұмыстарына қойылатын барлық талаптарға сай орындалған. Жұмыстың ғылыми жаңалығы туыстас түркі тілдеріндегі көне дәуірден келе жатқан дыбыстардың даму, өзгеру сипаты анықталынған.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Диссертациялық зерттеу қисынды тұжырымдалған, аяқталынған ғылыми еңбек болып есептелінеді. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері нақты бағытталып, әрбір диссертация бөлімдерінде келтірілген реттік теориялық және методологиялық шешімдері қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдар түрінде қалыптастырылған. Барлық зерттеу нәтижелері, қорытындылары мен дәйектемелері ішкі бірлігі айқындалған, әрбір ағымдағы тұжырымдар алдыңғы тұжырымдаманың нәтижесінен туындап, жалпыдан жекеге немесе жекеден жалпыға принципіне негізделген.

Көпбосынов Бекжан Көмекбайұлының диссертациялық жұмысында тақырып төңірегіндегі барлық қатысты мәселелер толық қамтылған. Сондықтан, диссертациялық жұмыс бойынша алынған нәтижелер өзінің біртұтас ішкі бірлігімен ерекшеленеді.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Көпбосынов Бекжан Көмекбайұлының диссертациялық зерттеулері филология ғылымдарының фонетика саласының сингармониялық теорияларының дамуына өз ықпалын тигізіп, қазіргі заманғы өзекті

мәселелерін шешуге бағытталған. Ізденушімен жүргізілген зерттеудің ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы жоғары деңгейде бағалануда. Зерттеу жұмысында бүгінгі күнге дейінгі осы салада жүргізілген отандық және шетелдік зерттеушілердің пікірлерін негізге ала отырып, түркі тілдеріндегі үндесім заңдылығының тілдік ерекшеліктері зерттелген. Бұл ізденушінің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері тиісті өзекті мәселені – туыстас тіл дыбыстарының айтылым, естілім арасындағы алшақтықтардың табиғатын ашу міндеттерін шешуге бағытталған ғылыми жұмыс болып табылады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертациялық жұмыстан алынған нәтижелер 13 ғылыми басылымдарда жарияланды, олардың ішінде:

Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен материалдары бойынша «Әуезов оқулары – 9. «Жаңа онжылдықтағы ғылым, білім және мәдениеттің инновациялық даму жолдары» (Шымкент 2010), «Елбасы жолдауы және тіл біліміндегі жаңа ізденістер» (Шымкент 2012), «Ғылым, білім және мәдениеттің дамуына жастардың үлесі» (Шымкент 2012), «Кусеин Карасаев: Өрнектүү өмүр-өчпөс мурас» (Бишкек 2012) атты халықаралық ғылыми конференцияларда баяндамалар жасалды.

Диссертация материалдары бойынша халықаралық ғылыми журналдар мен халықаралық конференциялар материалдарының жинақтарында 5 ғылыми мақала (2-і Қырғызстанда) жарияланды. Жалпы ғылыми баяндамалар саны – 5.

Ғылыми мақалалар саны – 8, оның ішінде 3 ғылыми мақала Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдар тізіміне кіретін баспаларда жарық көрді. «Современные проблемы науки и образования» атты Ресейдің электронды журналына 1 мақала жарияланды. Сонымен қатар, 2014 жылы Азербайжан еліндегі импакт фактордың скопус базасына енетін «Journal of Language and Literature» журналына 1 ғылыми мақала жарық көрді. 1 ғылыми мақала Арабаев атындағы Қырғыз мемлекетік университетінің Жаршысында (Бишкек), 1 мақала Алыс шетелде, АҚШ-тың Калифорния штатындығы Сан-Франциско қаласында басылып шықты.

8. Аннотацияның диссертацияның мазмұнына сәйкестігі.

Аннотацияда диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен негізгі мазмұнында филология саласында іргелі ғылыми мәні бар түркі тілдеріндегі фонетика және фонология, сингармонизм бағытындағы өзекті мәселелерге салыстырмалы, сипаттамалы зерттеу нәтижелері толық қамтылған.

9. Диссертацияның Ғылыми дәрежелерді беруге сәйкестігі.

Орындалған ғылыми зерттеу жұмысында қол жеткізілген ғылыми және қолданбалы мәні бар нәтижелер оларды іс жүзінде пайдалану қорытындылары өзінің сенімділігімен және дәйектілігімен ерекшеленеді.

Сондықтан, қорғауға ұсынылып отырған «Түркі тілдеріндегі сингармонизм заңдылығы» атты диссертациялық жұмыс ғылыми дәрежелерді беруге және жұмыстың авторы Көпбосынов Бекжан Көмекбайұлы 6D020500 – Филология мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.

Ғылыми кеңесші,
ф.ғ.д., доцент:



С.Р. Боранбаев

